

Жергілікті деңгейде мүгедектерді әлеуметтік қолдау жөніндегі кейбір мәселелер туралы

Күшін жойған

Павлодар облысы әкімдігінің 2005 жылғы 4 сәуірдегі N 110/3 қаулысы. Павлодар облысының әділет департаментінде 2005 жылғы 8 сәуірде N 2985 тіркелді. Күші жойылды - Павлодар облыстық әкімдігінің 2014 жылғы 17 шілдедегі N 245/7 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Павлодар облыстық әкімдігінің 17.07.2014 N 245/7 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылқы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Заңынан 27-бабы 1-тармағының 17-тармақшасына сәйкес, облыс мүгедектерін әлеуметтік қорғау мақсатында **облыс әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Коса беріліп отыраған:

мүгедектерге санаториялық-курорттық емделу жөніндегі женілдіктер, әлеуметтік төлемдер беру тәртібі туралы нұсқаулығы; мүгедек балаларды үйде тәрбиелейтін және оқытатын отбасыларына жәрдемақы тағайындау мен төлеу тәртібі туралы нұсқаулығы бекітілсін.

2. Облыс жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы мүгедектерге санаториялық-курорттық емделу жөніндегі женілдіктер, әлеуметтік төлемдер мен мүгедек балаларды үйде тәрбиелейтін және оқытатын отбасыларына жәрдемақы беруді уақытында қамтамасыз етсін.

Ескерту. 2-тармаққа өзгеріс енгізілді - Павлодар облыстық әкімдігінің 2012.12.27 N 372/12 (жарияланған күннен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

3. Қалалар мен аудандар әкімдері осы қаулыны орындау жөнінде қажетті шаралар қолданыс.

3-1. Осы қаулының 1, 2, 3-тармақтары 2005 жылғы 1 қантардан бастап күшіне енеді.

Ескерту. 3-1-тармақпен толықтырылды - Павлодар облысы әкімиятының 2005 жылғы 29 маусымдағы N 237/6 қаулысымен.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің орынбасары Р.М. Жұмабековаға жүктелсін.

Облыс әкімі

K. Нұрпейісов

Павлодар облысы әкімдігінің
2005 жылғы 4 сәуірдегі
"Жергілікті денгейде мүгедектерді¹
әлеуметтік қолдау жөніндегі
кейбір мәселелер туралы"
N 110/3 қаулысымен
бекітілді

**Мүгедектерге санаторлық-курорттық емделу жөніндегі
женілдіктер, әлеуметтік төлемдер беру тәртібі
туралы Нұсқаулығы**

1. Жалпы ережелер

Ескерту. 1 бөлім жаңа редакцияда - Павлодар облысы әкімиятының 2006 жылғы 30 наурыздағы N 116/4 қаулысымен;

1. Нұсқаулық Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қантардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару «және өзін-өзі басқару туралы», 2005 жылғы 13 сәуірдегі "Қазақстан Республикасында мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы ", 1995 жылғы 28 сәуірдегі "Ұлы Отан соғысының катысушылары мен мүгедектеріне және соларға теңестірілген адамдарға берілетін женілдіктер мен оларды әлеуметтік қорғау туралы" зандары н е г і з і н д е ә з і р л е н д і .

Ескерту. 1-тармақта өзгеріс енгізілді - Павлодар облыстық әкімдігінің 2012.12.27 N 372/12 (жарияланған күннен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

2. Санаторлық-курорттық жолдама және әлеуметтік төлемдер алуға құқығы бар мүгедектер санаттары

2. Санаторлық-курорттық жолдама және әлеуметтік төлемдер алуға құқығы бар мүгедектер санаттары:

- 1) еңбек жарақатын немесе өндірісте жарақат алған мүгедектерден басқа, медициналық мекемелердің қорытындысы бойынша санаториялық - курорттық емделуді қажет ететін мүгедектер;
- 2) біреудің көмегін қажет ететін жалғызілікті мүгедектер;
- 3) еңбек жарақатын немесе өндірісте жарақат алған мүгедектерден басқа,

жеке сауықтыру бағдарламасына сәйкес облыстағы жоғары және орта арнаулы оқу орындарында оқытуға жататын 1, 2, 3 - топтағы мүгедектер, бала кезінен мүгедектер.

3. Ұсыну тәртібі, мөлшерлері және мерзімдері

3. Нұсқаулықтың 2-тармағы 1)-тармақшасында көрсетілген санаттағы мүгедектерге санаториялық - курорттық жолдамалар жылына бір рет беріледі.

4. Әлеуметтік төлемдер:

1) 6.2.256.003. "Мүгедектерді әлеуметтік қолдау" облыстық бюджеттік бағдарламасының 101 "Қажет етуші мүгедектерге арналған әлеуметтік көмектің қосымша түрлері" кіші бағдарламасына сәйкес бір айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде жыл бойы ай сайын Нұсқаулықтың 2-тармағы 2)-тармақшасында көрсетілген санаттағылар үшін ағымдағы ай үшін, алғашқы рет өтініш бергендерге - өтініш берген күннен;

2) 6.2.256.003. "Мүгедектерді әлеуметтік қолдау" облыстық бюджеттік бағдарламасының 105 кіші бағдарламасына сәйкес жоғары оқу орындарында бір оқу жылында оқуын төлеу үшін 95056 теңгеден аспайтын, арнаулы орта оқу орындарында оқуын төлеу үшін 46969 теңгеден аспайтын құнын жартылай өтеу үшін бір жолғы төлем Нұсқаулықтың 2-тармағы 3)-тармақшасында көрсетілген санаттағылар үшін тағайындалады кейіннен тұтыну бағалар индексін пайдаланумен.

Осы әлеуметтік төлемдер қалалық және аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімдері ағымдағы айдың 25 күніне дейін ұсынған бірінші басшылары, бас бухгалтері және орындаушы растиған тізімдер негізінде Павлодар облысының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасымен екінші деңгейдегі банктерде, сондай-ақ банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыруға тиісті лицензиясы бар ұйымдарда алушылардың жеке есеп шоттарына есептеу жолымен төленетін болады. Тізімдер қажетті құжаттарды қоса берген азаматтардың өтініштері негізінде қалыптастырылады, олардың есебі қалалық және аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімдерінде жүргізіледі.

Ұсынған мәліметтердің растығы үшін жауапкершілігі қалалық және аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімдеріне жүктеледі.

Ескерту. 4-тармаққа өзгерістер енгізілді - Павлодар облысы әкімиятының 2005 жылғы 29 маусымдағы N 237/6 қаулысымен, 2006 жылғы 30 наурыздағы N 116/4 қаулысымен, 2007 жылғы 7 ақпандағы N 36/2 қаулысымен; 2012 жылғы 27 желтоқсандағы N 372/12 қаулысымен.

4. Қажетті құжаттар тізбесі

5. Жоғарыда аталған мүгедектер санаттарына әлеуметтік төлемдерді және әлеуметтік көмектің басқа түрлерін төлеу үшін мынадай құжаттар қажет:

1) Нұсқаулықтың 2-тармағы 1)-тармақшасында көрсетілген санаттағылар үшін - мүгедектің өтініші, санаторлық - курорттық емделудің қажеттігін растайтын медициналық мекемеден анықтама, мүгедектің растайтын медициналық-әлеуметтік сараптама анықтамасының көшірмесі;

2) Нұсқаулықтың 2-тармағы 2)-тармақшасында көрсетілген санаттағылар үшін - жалғызлікті мүгедектің өтініші, жеке сауықтыру бағдарламасына сәйкес мүгедектің шеттен көмекті қажет ететіндігін растайтын медициналық-әлеуметтік сараптаманың қорытындысы, үйде әлеуметтік көмек көрсету бөлімшесі қызметкері немесе қызметі жасаған жалғызліктінің материалдық-тұрмыстық жағдайы туралы актісі, азаматтарды тіркеу кітабы (көшірме);

3) Нұсқаулықтың 2-тармағы 3)-тармақшасында көрсетілген санаттағылар үшін - мүгедектің зейнеткерлік шоты көрсетілген өтініші, салық төлеушінің тіркеу нөмірі (СТТН), жеке әлеуметтік коды (ЖӘК), мүгедектің оқуына арналған жоғары оқу орны немесе арнаулы орта оқу орнымен екі жақты келісімнің көшірмесі, мүгедектің қуәландыратын медициналық-әлеуметтік сараптама анықтамасының көшірмесі, мүгедекті жеке сауықтыру бағдарламасына туралы медициналық-әлеуметтік сараптама қорытындысының көшірмесі, азаматтарды тіркеу кітабы (көшірме), Бірыңғай ұлттық тестілеу сертификатының көшірмесі.

Ескеरту. 5-тармаққа өзгерістер енгізілді - Павлодар облысы әкімиятының 2007 жылғы 7 ақпандагы N 36/2 қаулысымен.

5. Есеп және есеп беру

6. Өтініш беруші қалалық және аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар белгілі бір басқа төлемдерді алу құқығын іске асыруға ықпал ететін барлық өзгерістер туралы уақытылы хабардар етеді.

Ескерту. 6-тармақ жаңа редакцияда - Павлодар облыстық әкімдігінің 2009.12.25 N 237/18 қаулысымен.

7. Нұсқаулықтың 2-тармағының 2) және 3)-тармақшаларында көрсетілген әлеуметтік төлемдерді Павлодар облысының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасымен төлейтін болады. Қалалық және аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар белгілі ұсынған тізімдері негізінде екінші деңгейдегі банктерде, сондай-ақбанк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыруға тиісті лицензиясы бар ұйымдарда алушылардың жеке есеп шоттарына есептеу жолымен жүзеге

асыратын болады. Қажетті құжаттар негізінде санаторлық-курорттық жолдамалар берілетін болады.

Ескерту. 7-тармаққа өзгеріс енгізілді - Павлодар облыстық әкімдігінің 2012.12.27 N 372/12 (жарияланған күннен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

8 . А л ы н ы п т а с т а л д ы .

Ескерту. 8-тармақ алынып тасталды - Павлодар облыстық әкімдігінің 2012.12.27 N 372/12 (жарияланған күннен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

9. Жыл сайын, оқу жылшының басына қалалық және аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімдері Павлодар облысының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасына оқу оқытын мүгедек-студенттер және аз қамтамасыз етілген отбасыларындағы студенттерге ақпаратты және тексеру актілерін береді.

Ескерту. 9-тармаққа өзгеріс енгізілді - Павлодар облыстық әкімдігінің 2012.12.27 N 372/12 (жарияланған күннен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

10. Павлодар облысының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы тоқсан сайын, есеп берілетін айының 10-на қарай, облыстық бюджеттен қаржыландырылу бойынша төленген сомалары жөнінде Павлодар облысының қаржы басқармасына есеп береді.

Ескерту. 10-тармаққа өзгеріс енгізілді - Павлодар облыстық әкімдігінің 2012.12.27 N 372/12 (жарияланған күннен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Павлодар облысы әкімдігінің
2005 жылғы 4 сәуірдеңі
"Жергілікті деңгейде мүгедектерді
әлеуметтік қолдау жөніндегі
кеібір мәселелер туралы"
N 110/3 қаулысымен бекітілді

Мүгедек балаларды үйде тәрбиелейтін және оқытатын отбасыларына жәрдемақы тағайындау және төлеу тәртібі туралы нұсқаулығы

1. Жалпы ережелер

1. Мүгедек балаларды үйде тәрбиелейтін және оқытатын отбасыларына жәрдемақы (бұдан әрі - Жәрдемақы) тағайындау мен төлеу олардың 18 жасқа

толғанға

д е й і н

жүргізіледі.

2. Жәрдемақы жәрдемақының басқа түрлерін алуына байланыссыз тағайындалады және төленеді.

3. Жәрдемақы тағайындау туралы өтініш қалалық және аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімдерінің Комиссияларымен (бұдан әрі - Комиссия) түскен күнінен бастап 10 күн ішінде қаралады.

4. Жәрдемақы тағайындау туралы өтініш барлық ұсынған құжаттармен, сондай-ақ Жәрдемақы тағайындау туралы шешімімен Комиссия хаттамалары алушының жеке ісінде сақталады.

5. Жәрдемақы тағайындаудан бас тартылған жағдайда, Комиссия өтініш берушіні бас тартылған себебін көрсетіп жазбаша түрде хабардар етеді.

6. Өтініш беруші қалалық және аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімдерін осы немесе басқа әлеуметтік төлемдерді алу құқығына ықпал ететін барлық өзгерістермен таныстырып отыруға міндettі.

7. Жәрдемақы төлемі Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына және осы Нұсқаулыққа сәйкес жүзеге асырылады.

8. Жәрдемақы төлеу жөнінде дау туған жағдайда, мәселе Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамамен белгіленген тәртіпте шешіледі.

2. Жәрдемақы тағайындау

9. Жәрдемақы ата-анасының біреуі немесе оның орнындағы адамның өтініші бойынша тағайындалады.

10. Жәрдемақы тағайындау туралы өтініш ата-анасының біреуі немесе оның орнындағы адаммен жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөліміне беріледі.

11. Мүгедек балаларды үйде тәрбиелеу және оқыту қажеті туғанда жәрдемақы облыстық, қалалық психологиялық-медициналық-педагогикалық кеңестің берген қорытындысы негізінде бір жылға тағайындалады және тоқсан сайын төленіп отырады.

12. Мүгедек балаларды үйде тәрбиелеу және оқыту қажеті туғанын анықтаған күннен бастап, жәрдемақы тағайындау мен төлеудің мерзімі бір жыл болады.

13. Жәрдемақы тағайындау мен төлеуге мерзімі біткенге бір ай қалғанда міндettі түрде құжаттар жаңартылады.

14. Жәрдемақы тағайындау үшін мынадай құжаттар ұсыну қажет:

1) онда банктің атауы мен есеп шоты көрсетілген ата-анасының бірінің, немесе оның орнындағы адамның өтініші;

2) салық төлеушінің тіркеу нөмірі;

3) облыстық, қалалық психологиялық-медициналық-педагогикалық кеңестің

б е р г е н

қ о р ы т ы н д ы с ы ;

- 4) дәрігерлік-кеңестік комиссияның хаттама үзіндісінің көшірмесі;
- 5) медициналық-әлеуметтік сараптама анықтамасының көшірмесі;
- 6) отбасы құрамын растайтын құжат;
- 7) баланың туу туралы күелігінің көшірмесі.

15. Жәрдемақы бірінші рет тағайындалғанда, өтініш берген күннен бастап
т ө л е н е д і .

Ескерту. 14-тармаққа өзгеріс енгізілді - Павлодар облысы әкімиятының 2007 жылғы 7 ақпанды N 36/2 қаулысымен.

3. Жәрдемақы төлеу тәртібі

16. Облыс аудандар, қалалар бюджеттеріне жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы жіберетін мақсатты ағымдағы трансфертер түріндегі "үйде тәрбиеленіп және оқытылатын мүгедек балаларды материалдық қамтамасыз ету үшін аудандар бюджеттеріне (облыстық маңызы бар қалаларына) мақсатты ағымдағы трансфертер" бағдарламасы бойынша Павлодар облысының бюджетінің қаржысы және облыс қалалары мен аудандарының (жанадан тағайындалатын төлемдер бойынша) бюджет қаржысы алушыға материалдық көмекті қаржыландыру көзі болып табылады.

Ескерту. 16-тармаққа өзгеріс енгізілді - Павлодар облыстық әкімдігінің 2012.12.27 N 372/12 (жарияланған күннен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

17. Павлодар облысының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар департаментінің қалалар мен аудандар бөлімдерімен есепті тоқсаннан кейінгі айдың 1-нен кешіктірмей жіберілетін өтінімдері бойынша олардың есептеріне тоқсан сайын қаражат аударып отырады.

Ескерту. 17-тармаққа өзгеріс енгізілді - Павлодар облыстық әкімдігінің 2012.12.27 N 372/12 (жарияланған күннен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

18. Жәрдемақы төлеуді (өткен тоқсан үшін) қалалар мен аудандардың жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімдері тоқсан сайын 6-айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде жүргізеді.

19. Алушылар жалған мәліметті ұсынғанның салдарынан артық төленген сомалар кінәлі адамнан Қазақстан Республикасының зандарымен белгіленген тәртіpte қайтарылып алынады".

Ескерту. З бөлім жаңа редакцияда - Павлодар облысы әкімиятының 2006 жылғы 30 наурыздағы N 116/4 қаулысымен.

4. Қорытынды ережелер

Ескерту. 4 бөлім жаңа редакцияда - Павлодар облысы әкімиятының 2006 жылғы 30 наурыздағы N 116/4 қаулысымен.

20. Ұсынған мәліметтердің дұрыстығы үшін жауапкершілік қалалық пен аудандық әлеуметтік бағдарламалар бөлімдеріне жүктеледі.

21. Облыс қалалары мен аудандарының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімдері әр айдың 3-не қарай облыс жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасына үйде тәрбиеленіп және оқытылатын мүгедек балаларды материалдық қамтамасыз ету үшін бөлінген қаржыны пайдалану туралы есеп береді.

Ескерту. 21-тармаққа өзгеріс енгізілді - Павлодар облыстық әкімдігінің 2012.12.27 N 372/12 (жарияланған күннен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

22. Жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасына сайын әр айдың 5-не қарай облыстық бюджеттен қаржыландыру бойынша төленген сомалар жөнінде Павлодар облысының қаржы басқармасына е с е п .

Ескерту. 22-тармаққа өзгеріс енгізілді - Павлодар облыстық әкімдігінің 2012.12.27 N 372/12 (жарияланған күннен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.